

**Түркістан облысы Қазығұрт ауданды
білім бөлімінің
М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ**

**Әлеуметтік педагогтың
жылдық есебі
2023 – 2024 оқу жылы**

Г.Т.Ералы

Үлгілі 2024 ж.

М. Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ Әлеуметтік педагог

Ералы Гүлмираның жылдық есебі.

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Оқу жылының басында сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік төлқұжатты жасалынып, оқушылардың статустары анықталды. Жалпы мектепте білім алатын көп балалы отбасы саны—132, ондағы бала саны - 342 болса, аз қамтамасыз етілген отбасы саны— 24, ондағы бала саны - 61, жартылай жетім отбасылар саны – 17, ондағы бала саны - 22 болса, әлеуметтік жетім статусындағы отбасы саны -18, ондағы бала саны – 21 болды.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес оқушының документтері жинақталып, мемлекет тарапынан мектеп формасына - 49 оқушыға 40 567 теңгеден, қыстық киімге – 10 оқушыға 30 000 теңгеден ата-анасының жеке чот номерлеріне жалпы құны 2 017 783 теңге аударылды. Мектебімізде жоспарға сай «Жақсылық жаса», «Алтын күз» атты ұранмен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясынан түскен жалпы құны – 225 000 теңгеге, көп балалы, жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасыдан шыққан, атап айтқанда Джолдас Бигелді, Сламбек Ақерке, Сламбек Нұрқанат, Абдығаппар Шапағат, Абдығаппар Бексұлтан, Анарбай Мейірлан, Тулеген Оразкүл, Алтай Асылзат, Қонысбай Мирас, Сламбек Ұлжан, Тұрғара Айзере, Илияс Ұлбике, Джолдас Нұрсая, Нұртас Думан сынды оқушыларға мектеп формасы, спорттық киім, қыстық киім кешек алынып берілді.

Желтоқсан айында «Жаңа жыл-2024» мерекесіне орай жартылай жетім, көп балалы отбасыдан шыққан 3 оқушы жаңа жылдық мерекелік іс-шараға қатысып аудан әкімі атынан – 1 сыйлық, жеке кәсіпкер С. Сеңгірбаевтің атынан – 2 сыйлық берілді.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде жалпыға бірдей білім беру қорынан 1-4 сыныптан 164 бала, 1 %-тік қор есебінен 7 оқушыға ыстық тамақпен қамтылды. Оқушылар қыркүйек-желтоқсан айларында белгіленген ыстық тамақтың құны 502 теңгелік тағаммен қамтамасыз етілсе, қаңтар-мамыр айларында әр оқушыға ыстық тамақ құны 527 теңгеден бөлінді.

Келесі кезекте қала сыртындағы лагерь бойынша мектебімізге бөлінген «Қазақстан халқына» қор есебінен дарынды, үздік, өнерлі балдарға – 8 жолдама, аз қамтылған, көп балалы отбасыларға – 2 жолдама берілді. Оқушылардың тізімі анықталып, құжаттары жинақталып, 1 маусымнан бастап ІІ аусымда оқушылар барады. Алдағы шілде айында ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес 37 оқушы қала сыртындағы лагерьмен қамтылады деп күтілуде. Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз

І ҰСЫНЫС Сын-жетекшілерге ата-анамен дұрыс-қарым-қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда

қолдау көрсету;

ІІ ҰСЫНЫС Мектепте атқарылатын әлеуметтік – педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана-оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;

ІІІ ҰСЫНЫС Мектепте атқарылатын әлеуметтік – педагогикалық жұмыстарды Цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

Әлеуметтік педагог:



Г. Ералы